



## «АДАМГЕРШІЛІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ШӘКӘРІМ МЕН МЕХМЕТ АКИФ ЭРСОЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Dosbol ISSA\**

### Түйіндеме

Шәкәрім мен Мехмет Әрсой шығармаларындағы «адамгершілік» концептісін анықтай отырып, түркі халықтары поэзиясындағы көркемдік дәстүрлер сабақтастығын айқындаумен қатар келешек ұрпаққа ұлы аталарымыздың қандай тәлім-тәрбие қалдырғанын көре аламыз. Шәкәрім Құдайбердіұлы ұрпағына арлы бол, ұлтшыл еңбеккер болып қамқорсызға мейірім таныт десе, Мехмет Акиф Әрсой да дәл осындай тәлім-тәрбие алатын шығармаларды жазып қалдырғанын бұл мақаладан көре аларсыз. Шәкәрім қажы Ұлы Абайдан алған даналық жолын артындағы ұрпағына көптеген ізденістеріменен қоса қалдырды. Жалпы адамзатын арлы болдыру үшін тырысқан Шәкәрімнің саясаты дәл бүгінгі біздің заманымызға керек болып отыр. Адамгершілігі жоғары адам тәрбиелеу оның бірінші мақсаты екендігін, әр шығармашылығынан байқауға болады. Шәкәрім шығармашылығындағы адамгершілік, таза адам идеясының түп негізі ежелгі түрк әдебиетінен бастау алады.

**Кілт Сөздер:** Шәкәрім, Мехмет Акиф Әрсой, Адамгершілік, Шығармашылығы, Білімді Адам.

## ŞAKÄRİM VE MEHMET AKİF ERSOY'UN ESERLERİNDE İNSANLIK KAVRAMI

### Özet

Türk dünyası edebiyatının iki büyük şahsiyeti olan Şakârim ve Mehmet Akif Ersoy'un Türk halklarının sanatsal geleneklerini gelecek nesillere aktaran şiirleri, "ahlak" kavramını tanımlayan unsurlar taşımaktadır. Bu makalede Şakârim Kudayberdiuli'nin ahlaklı, dürüst nesil yetiştirme düşüncesi ile Mehmet Akif Ersoy'un eserlerinde yer verdiği milliyetçi, çalışkan, ahlaklı, dürüst nesil kavramları ele alınmıştır. Hacı Şakârim bilgeliğini Büyük Abay'dan almıştır. Bugün insanlığı daha iyi hale getirmeye çalışın Şakârim'in yaklaşımına ihtiyacımız vardır. Sürdürülebilir yüksek ahlaki eğitim ve ahlaklı, vatanına, milletine bağlı nesil Şakârim'in eserlerinin temel konularındandır. Şakârim'in eserlerindeki ahlak ve dürüstlük tanımları eski halk edebiyatımızdan beri süregelmektedir.


**Anahtar Kelimeler:** Şakârim, Mehmet Akif Ersoy, Ahlak, Yaratıcılık, Bilgelik.

## THE CONCEPT OF HUMANITY IN THE WORKS OF SHAKARIM AND MEHMET AKIF ERSOY

### Abstract

By defining the concept of "humanity" in Shakarim and Mehmet Ersoy's works, we can see the continuity of artistic traditions in the poems of the Turkish people, as well as the education of our great ancestors for future generations. In this article, you can see that Mehmet Akif Ersoy wrote such works as Shakarim Kudaiberdiev that were taught the future

\* Öğr. Gör., Yüksek Lisans Öğrencisi, Semey Kalası Shakarim Adındaki Memlekkettik Üniversitesi,  
el-mek: doska2008@mail.ru

 ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7407-9650>

generations to be a nationalist and hardworking, to give hand to people who need help. Shakarim Kadji left his wisdoms for future generations which he learnt from the Great Abai. Today we needed the Shakarim's policy, which he has sought to make humanity better. The upbringing of a high human being can be traced back to his each creative work. The basis of the idea of a human, the humanity of Shakarim's creative work begins from the ancient Turkish literature.

**Key Words:** Shakarim, Mehmet Akif Ersoy, Morals, Creativity, Wisdom.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы адамгершілік туралы айтатын болсақ, әділетті, арлы, білімді адам болу – ел келешегіне негіз болу деп есептейді. Шәкәрім «арлы азаматтың жақсы мен жаманның жігін ажырата білсе, сөз бен істе ол түзу жол мен әділет жолынан айнымайды» деп жазған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есім, Шәкәрімтану мәселелері деген сериялық ғылыми жинақта жазған мақаласында: «Ар білімі. Мәселені осылай деп Шәкәрім қойған. Ар білімі деген соң, әңгіме ар туралы болмақ. Ар дегеніміз не? Оны қалай танып, білмекпіз? Ар хайуандар әлеміне емес, адамдарға қатысты қолданылатын ұғым. Кейбір зоолог ғалымдар, әсіресе үй жануарларына қатысты олардың ұятқа ұқсас қылықтарын айтуда, бірақ ол ұят емес. Ұят та, Ар да тек адамға қатысты феномендер. Ар тек адамға қатысты феномен. Адамдар бір-біріне ренжіген кезде арлы және арсыз деп бөліп жатады. Ар адам ісінің төрешісі. Абайдың «имани гүл» деп алатын концепциясы, осы ар білімінің негізі емес пе екен деген ойға келіп отырмын. Ол Жаратушыны сүюді, адамзатты сүюді, әділеттілікті сүюді орындап барып дін жолына түсуді өсиет еткені көпшілікке белгілі. Осы үш сүюді, Абай «имани гүл» дейді. Әрине, бұл ғылым тілінен гөрі, метафоралық мәнге жақын түсінік, бірақ терең ұғымға бастайтын – идея. Мәселе шешімі қиын. Шәкәрім сондықтан болар, Ар білімі деген арнайы білім жүйесі қажет деген.» деп жазады.

Ар білімі деген дәл бүгінгі біздің қоғамымызға жетіспей жүрген, өте керекті білім болып табылады. Адамдардың барлығы ары таза қоғамға дұрыс көзқараспен, бір-біріне сенімділікпен, силастықпен қарайтын болса заманымыз тыныш бақытты ғана ғұмыр кешер еді.

XX ғасырдағы түрік поэзиясының ірі өкілдерінің бірі Мехмет Акиф Эрсой 1873 жылы Ыстамбұлдың Фатих ауданының "Сарыгүзел" орамында туған. Әкесі осындағы медресе оқытушыларының бірі болған Теміз Тайыр (Таһир) есімді теолог ғалым, ал шешесі діндар кісі болған. Сондықтан Мехмет Акиф Эрсой бала кезінен мұсылманша өте жақсы тәрбие алған. Ол әкесінен араб тілін, Эсат Дәдә есімді басқа бір оқытушыдан парсы тілін үйренген. Лицейді бітірген соң Мехмет Акиф Құран Кәрімді түгел жаттап, қари атанады. Спортқа да қатты ден қояды. Күрес, атлетика, жүзу салаларында жақсы нәтижелерге жеткен. Бала кезінен-ақ поэзияға мықтап қызығады. Естіген, оқыған, көңіліне ұнаған өлеңдерді дереу жаттап алатын болған. Бірте-бірте өзі де ұлттық діни өлеңдер жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері 1886 жылы "Ресимли мәжмуа" ("Суретті журнал") деген журналда жарияланды. Осылайша халыққа таныла бастайды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұлттық ақпарат ұйымы (күпия қызмет мекемесі) атынан М.А.Эрсой Алманияға, содан соң Мәдине мен Мәжит қалаларына барады. Ұлт-азаттық соғыс жылдарында ол Бурдур округінен парламент депутаты болып сайланды. Түркияның еуропалық бөлігін (Румелия), Анадолы жақты және Арабстанды аралайды. Бұл сапарлары кезінде мұсылман жұртшылығымен жақсылап танысады. Оларға арнап өлеңдер жазады. Өзі өте таза, адал мұсылман болған ақын қайда жүрсе де әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа, заңсыздыққа қарсы шығады. Әлсіздерге, кедейлерге, қаріп-қасірлерге қолынан келгенше көмегін аямайды. Оның адамгершілік қасиеттері, өлең-дастандары халықтың аузында жүреді. Ақын елінің шынайы сүйіспеншілігіне бөленеді.

Республика жарияланғаннан кейін М.А.Эрсой біраз мерзімге Мысырға (Египетке) барады. Бірақ онда көп бола алмайды, ауырып елге оралады. 1936 жылы Ыстамбұлда 63 жасында жүрек талмасынан қайтыс болады. Туғанына биыл 144 жыл толып отыр. М.А.Эрсой ешкімнен ешқандай қаламақы, тарту-таралғы күтпей жазған өлеңдерін "Сафаһат" (қазақша "Кезеңдер") деп аталатын жалғыз жинағына топтастырған. Бұл – жеті кітаптан (бөлімнен) тұратын едәуір көлемді жинақ. Ол бөлімдердің аттары да біраз нәрсені аңғартады (бұл бөлімдер әр жылдары жеке-жеке кітап болып шыққан, ал кейін бір жинаққа біріктірілген): "Сүлеймания мінберінде", "Хақ дауыстары", "Фатих мінберінде", т.б. 1-кітап 1911 жылы жарық көрген. Ол Түркияда "Тәуелсіздік маршының" ақыны деген ат алған.

М.А.Эрсой ұлы Абай, Шәкәрімдермен үндес ақын, ал "Тәуелсіздік маршының" жазылу және әнұранға айналу тарихы Ж.Аймауытовтың кейін Алаш маршына (әнұранына) айналған "Ғаскер өлеңі" атты шығармасының өмірге келу тарихына ұқсас (алғаш "Абай" журналының 1918 жылғы №17 санында жарық көрген). "Тәуелсіздік маршын" біздің жолма-жол аудармамызбен белгілі ақын бауырымыз Жұмаш Кенебай (Көкбөрі) осы атпен қазақ тіліне тәржімалап, тұңғыш рет 1992 жылы 30 сәуір күні "Ана тілі" апталығының 17-санында жариялады. (Кейінірек басқа аудармалар да жасалды, бірақ Ж.Кенебай аудармасынан тәуір болған жоқ).

Мехмет Акиф Эрсой діни жолдармен және оның ішінде адамгершілікке өте қатты мән бере отырып шығармашылығының көбін тәрбиелік мағынада, қолдағы барды қадірлей білу, тәуба етуді үйреткеннен жалықпаған. Оның бір айғағы «Сафахат» жинағындағы «Азим» өлеңі.

*Қазіргі уақытта біз имамға қараймыз.  
Өйткені ол бізге маман иесі  
Мақсат ретінде әрекет еткен адам,  
Егер ол өз өтінімін орындаса,  
Әрине, кешікпей өз мақсатына жетеді.  
Өйткені бұл жағдайда ақиқат, шындық,  
Тевфик, Тахаррие; оған ғашық бол;  
Іс жүзінде қанишалықты қажет болса,  
Империяның өкілеттігі күшті болып табылады;  
Тевфик мүмкіндігінше құтқару әрекетін жасайды  
Адамгершілікті сақтауға екі-үш мүмкіндік табылады  
Адам сол кезде кішкентай сиқыршы бола жүріп  
Қажырлық, табандылық таныта білсең  
Адам болып мәңгі жақсы ғұмыр кешерсің  
Егер сіз жергілікті діни қызметкер болсаңыз қараңғы түні,  
Ол қашықтан, егер ол бас тартса, не тапты?  
Әрине, біреу сыпайы, біреуі азаматтық болар еді!*

*(Safahat, 2017: 58)*

Акиф шығармашылығында адамға табандылық және көп ізденіс керек екенін айырықша атап көрсетеді. Жоғарыда айтылған құндылықтар адамды қалай адамгершілікке және жеңіске жетелеп жеткізетінін нақты көрсетеді. Қандай да бір

жағдайда ұятқа қалмауға тырысып, ізденістен қашып кете берсең өз жетістігіңе қарсы келгенмен бірдей деген ойларды да ұқтырады.

Шәкәрім шығармашылығында адамгершілік, ізгілік мәселелері халқымыздың ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық құндылықтарымызбен тамырластықта алынып, көркемдік-эстетикалық мәні мен өлең өрнегіндегі өзіндік үні айқын айшықталады. Ұрпақ бойындағы ізгілікті, адамгершілікті жаңғыртуды көксеген ақын «ар-ұждан» мәселесін ең алдыңғы кезекке шығара отырып:

*Еңбекпенен,  
өрнекпенен,  
Өнер ойға тоқылса,  
Жайнар көңіл,  
қайнар өмір,  
Ар білімі оқылса – деп тұжырымдайды.*

*(Шәкәрім шығ. 2014: 16)*

Ақын осы өлеңінде қазақ поэзиясына Абай алып келген түр жаңалығын жалғастыра отырып, оны түрлендіре пайдаланған. Алғашқы екі тармақты ұйқасқа құрған ақын әрбір үшінші тармақты басқа ұйқасқа тізген. Өлеңнің алғашқы алты тармағындағы сөз кестесі кейінгі жолдарда мүлде басқа түрге ие. 7-16 тармақтардың кестесі мүлде басқа болып келеді де, өлеңнің соңғы алты шумағы әдепкі қайталауды сақтайды. Міне, осындай бір өлеңнің ішінен тармақ, буын, ұйқас құбылуы да қазақ поэзиясын түрі жағынан байытары даусыз.

Адамның ішкі жан-дүниесі, рухани құндылықтары жайындағы өлеңдерінде де Абай қалыптастырған идеялық-мазмұндық және көркемдік-стильдік дәстүрді жалғастырып, қазақ поэзиясының эстетикалық, танымдық деңгейін көтереді.

*Еңбекке шыда ебін тап та,  
Сабырдың түбі – сары алтын.  
Өзіміш болма, көпті ардақта,  
Адамның бәрі – өз халқың.  
Нысан пен мейірім, әділетті  
Жаныңдай көріп жан сақта,  
Ол жолда өлсек, неміз кетті  
Мақсұтқа жетпей қалсақ та*

*(Шәкәрім шығ., 1988: 154)*

Ақынның оқырманын ойшылдыққа шақыратын дүниетанымдық көзқарастарға құрылған өлеңдерінде ақын терең сыршылдықпен қатар өлеңнің әуезді ұйқасы мен ырғағына аса талғампаздықпен қарайды.

Оның шығармаларындағы терең астармен өріліп отыратын терең ойдың астарын түсіне білген жөн. Бір қарағанда жаратылыс туралы айтылғандай көрінгенмен, мына жолдардан астарлы саясатты байқауға болады:

*Табылмас анық азат адам,  
Жаралыс билер заманды.*

*Көрсетер мұқтаж, азап саған,  
Тартқызар өмір жазаңды.  
Құлданар сені күшті өкімет,  
Ноқтасыз еркін ел таппай,  
Қорлықта жылап, зарла да өт,  
Бостандық болар жер таппай*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 52)*

Мұнда патша өкіметінің қол астындағы отар елдерін бұғауда ұстауы, яғни күшті мемлекеттің ұсақ ұлттар мен әлсіз елдерді отарлау жүйесіне ақынның адам және қоғам, қоғамдық орта жайындағы көзқарастары арқылы беріледі.

*Өкімет өйсе, залымдар көп,  
Арлыға өмір сүргізбес.  
Қарулы қасқыр құдайың боп,  
Азаттық жолмен жүргізбес*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 52)*

Шығыс, батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныс болған ақын, қазақ өлеңіне жаңа мазмұн мен жаңа өрнек алып келіп поэзияға үлкен талаптар қоя білді. Осындағы «қарулы қасқыр» – отарлаушылардың көркем образы. Олардың қорқау қасқырлар сынды ашқарақтығын ақын осылайша бейнеледі. Бұл да ақын қаламына тән бейнелі образ. Қазақ елінің еркіндігін аңсаған ақын шығармасының негізгі идеясы – тәуелсіздік.

*Жан деген не  
Мүлде өлеме,  
Шын жоғалып сөнеме?  
Жоғары өрлеп,  
Дене жөндеп  
Және мен деп келеме?*

*(Шәкәрім шеберлігі, 2014: 68)*

– деп, ақын өмір мен өлім туралы өлеңінде қазақ поэзиясын түрлендіріп, идеялық соны жаңалық алып келді. Өлең Абайдың үлгісімен («Сегіз аяқ») жазылып түр жағынан жаңалық енгізбегенімен мазмұн тереңдігімен ерекшеленеді. Қазақ өлеңінің құрылысы мен өлшемін түрлендіруімен, жаңаша түр мен мазмұн әкелуімен ақын өлеңдері өміршен. Поэзияға жоғары талап қоя білген ол өлең өрнегінің кестесін өзгеге ұқсатпай салады. Өзі көтеріп отырған мәселені нақты да, жинақы көрсете біледі.

Шәкәрімнің өмірдегі және өнердегі жолы, шынында да, М.Мағауин айтқандай, «ұзақ та ұлағатты, келісті әрі күрделі» болды. Адамгершілік асыл қасиеттерді өміріне арқау етіп, оны ақындық құдірет дарыны және биік азаматтық ісімен халқына үйретуге ұмтылған ғұлама ойшылдың жан дүниесіндегі қуаныш-күйініш сезімдерінің сырын бірден деп басып, ашып айту, әрине өте қиын. Дегенмен, Шәкәрім өмірінің соңғы кезіндегі осы көңіл күйін, оның «Қорқыт сарынымен» жазған өлеңімен бейнелеп жеткізсек пе деймін. Сонымен ол:

*Кешегі өткен ер Қорқыт,  
Кейінгі жанға болды ұмыт.  
Сарынын ән деп салайын,  
Ескі ауыз демей құлақ тұт.  
Ескермей кетпе арынмен,  
Қобызбен Қорқыт сарнаған.  
Қалмады жері бармаған,  
Мұңлы әнмен өмір суреттеп,  
Осы әнін соған арнаған.  
Ашулы мұңлы сарынмен,  
Қорқыт түбі – түрік, қалмақ,  
Ойы – өлім мен өмір жайын әнге салмақ.  
Ол ән аяғын сөзсіз сарынмен,  
Шер тарқатыпты, зарлап.*

\*\*\*

*Отырмын таудың басында,  
Жетпістен асқан шағымда,  
Жаһанда жалғыз кезетін,  
Жолдасым жоқ жанымда.  
Жаһанда қалған мен бір шал,  
Қар басқан дала, қалың қар.  
Ішімде қайғы, зарым бар,  
Артым бір тұман, алдым жар,  
Көз жетпес бұлдыр жолым тар,  
Ұққаның сөзге құлақ сал,  
Кетсін сар далаға сарын,  
Желмен жайылсын әлемге,  
Бұл айтылған зарым.  
Бар арлы адамның жетіп ойына,  
Қозғап адамшылық арын,  
Бостандыққа елім қаналмай,  
Әділет жолын таба алмай.  
Бастыққа айтқан мұңдары,  
Есепке жатыр саналмай,  
Түзелмей отыр басшылар,  
Қойылса екен жақсылар,*

*Елменен еркін санасар,  
Саналы ойлы сахилар,  
Бостандық жолға салатын,  
Көп арыз жолда қалатын,  
Жалған емес, анық сөзім,  
Айтам, көрген сол ауыр халін елдің.  
Мен кеттім,  
Ал, жақсыларым жәрдем ет,  
Әділ болсын сөзің,- дейді.*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 19.)*

Ақын бейнелеген лирикалық кейіпкерінің басты міндеті – рухани жан дүниесін байыту, ізгі істерді қолдау, ар-ұжданы жоғары болу. Яғни мінез-құлқы, болмыс-бітімі жағынан әділет пен арды ту еткен, елі мен жерін сүйген, жаратушысына жақын жандар. Шәкәрімнің ақындық жеке қолтаңбасы әсіресе лирикалық кейіпкер бейнесін сомдағанда дараланады. «Шын нұр», «шын асық», «таза ой», «таза жан», «тәтті тіл», «от жүрек» т.б. сөз тіркестерін қолдану арқылы кейіпкер психологиясын, оның адамгершілік сапасын айқындап көрсетіп отырады. Ақынның танымында адам өте күрделі, ол тек қана табиғи жаратылыс қана емес, сонымен қоса оның рухани жан әлемі күрделі құбылыс. Қазақтың дәстүрлі поэзиясындағы адам мен табиғат тұтастығын, жаңаша сипатта тереңдете отырып небір бейнелі сөздер мен метафораларды түрлендіріп қолданады.

Табиғаттың күйін, тынысын адам тіршілігіне ұқсату арқылы образды суреттер жасайды. Ақын поэзиясындағы образдылықты «сұм жүректің оянбауы», «жебір ұлық қылдай іс», «өлі жүрек», «көңілдің қабағы салбырады», «әділетсіз залым», «азат ақыл», «күншіл мұндар» сынды сөз тіркестерінен де көруге болады. «Қабағынан қар жауған қараңғы бұлт, «Жаралы біздің көңілге бір тамбады сіркіреп», т.б. сияқты бейнелі тіркестер арқылы қазақ поэзиясына жаңа бір психологиялық оралымдар енгізген. Адам ішкі дүниесіне терең бойлап, мінез-құлықтың әсерін аша көрсету арқылы жүрегінде жақсылыққа орын жоқ, өз мінін көрмейтін, өтірікпен күн өткізген адамдардың образын да шебер сомдайды.

Енді бір өлеңдерінде «күншіл мұндар», «өлі жүрек» метафорасын қолданып адамның кері кеткен кейпін берсе, «алжасқан ми», «тозған ой», «жалқау тартқан ой» сияқты теңеулер арқылы кейіпкерлер жандүниесіне тереңдей енеді. Ақын осы секілді қазақ поэзиясында бұрын қолдана қоймаған сөз тіркестерін жиі қолданады. «Өлі жүрек» тіркесі жөнінде М.Базарбаев: «Тас бауыр», «тас жүрек» деудің орнына «өлі жүрек» деуі (өзімшіл мұндарды) поэзияда ауыспалы мағынасында бұрын кездесе бермейтін жаңалық (өлген адам, немесе, сезімсіз суынған жүрек жайында талай айтылуы мүмкін, яғни өзінің тіке мағынасында: бірақ адам бейнесін беру үшін айтылған түрін кездестірген емеспіз)»– деген болатын. Ақын жаңа сөз тіркестерін, метафора, теңеулерді қолданғанда образдарды сомдай түсіп, ойдың, ұғымдардың мәнісін тереңдетіп, адам, қоғам, табиғат болмыстарын нақыштауға көмекші құрал қылып алып отырады. Сондай-ақ ақын «ақыл» ұғымын түрлендіріп, сөз тіркестерін жаңаша өрнекпен әрлеп отырады. «Аз ақыл», «сұм ақыл», «саяз ақыл», немесе «таза ақыл», «шын ақыл» т.б. Ақын «Ақыл» ұғымының өзін екі сападан көрсетеді. Ең негізгісі адам болмасындағы «таза ақыл» категориясы деп түйеді ол. Оның мәнін «Таза ақыл ақты барлайды, Дәлелсіз сөзді алмайды», – деп аша түседі.

Ол адамзат баласын таза ақыл билесе ғана, өмірі мәнді болады деген ойды ұсынады. Осы арқылы қазақ поэзиясында философиялық дүниетанымдық жүйенің жаңа лебін алып келгені анық байқалады.

*Рух деген дінсіз таза ақыл,*

*Мінсіздің ісі шын мақұл.*

*Айуандағы ақыл ол емес.*

*Аз ғана сөзім – аз нақыл,*

*Құраныңды оқы нанбасаң*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 135)*

Оған ақынның мына жыр жолдары дәлел: «Ақылдың көзін байлама, Білгіш деп басшы сайлама». Ал, «ақылдың көзін байлама» сынды оралымдардан ақынның көзге көрінбейтін дерексіз заттарға жан бітіруі, яғни кейіптеуге баруы байқалады. Ақын «Шалғыншы ойым ақылға, Ақылым тоқтап мақұлға» немесе «терең ой», «шалғыншы ой» т.б. сияқты сөз тіркестерін ақыл мен ой ұғымдарының байланысын ашуда пайдаланып отырады:

*Қош бол,*

*Терең ойым,*

*Әлемді шарлаған*

*Қиын іске әдейі арнаған*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 105)*

Әрбір іс-әрекетте ой мен ақылдың рөліне терең мән беріп «ой» ұғымын жоғары қояды. «Ой» ұғымының мәнін ашуда да жаңа тіркестерді қолдану арқылы философиялық пайымдар жасап, қазақ поэзиясының мазмұны мен түріне жаңалық енгізеді.

Абайдан бастау алған, жандүние сапасын арттыру, бейнелі тіркестер арқылы адамның рухани әлемін бейнелеудегі жаңа үрдістер ақынның өмірлік ұстанымы адам түземек идеяларына негізделеді. Мысалы, «нұр» – метафорасын қолдану арқылы қазақ өлеңінің көркемдік жүйесіне өрнек қосса, «Жар» – абстрактылы ұғымы да символ ретінде қолданылған. Сопылық сарынның ақын танымына тигізген ықпалынан туған терең мазмұнды «жар», «нұр» сөздерінің көркемдік сипаты әсіресе «Иманым» атты жинаққа енген өлеңдерінде кеңінен қолданылып, ақынның суреткерлік талантын танытатын қасиетке айналды.

«Ақ жүрек», «ақ ниет», «ар-ұждан», «таза ақыл», «шатақ дін», таза дін, т.б. тіркестер мазмұнға сай бейнелі түрде қолданылады. «Айнымайтын ақ жүрек» оралымында «ақ жүрек» сөзінен, белгілі бір тас түйін бұлжымайтын ұғым жасап, қазақ сөз өнерімен дүниетанымына тұжырым мен ғибратты сөз енгізді.

«Шын таза жан» ақын поэзиясында адам болмысын бейнелеудегі тыңнан әкелген лирикалық кейіпкері деуге болады. Себебі, «Шын таза жан» – жаратушының махаббатына бөленген жан. Осы кейіпкердің сапасын танытуда ақын Қасиетті құрандағы ілімге жүгінген. Өйткені, ақынның сомдаған «Шын таза жан» бейнесі – «таза ақыл» мен «ақ жүрек», «ақ ниет» тәңірісіне құлшылық қылатын рухани таза адам.

Ақын «Көз» сөзінде түрлендіріп «көңіл көзі», «іш көзі», «кеудесінде болса көз», «жан көретін көз керек», «көкірек көзің», «қайғырған біздің көңілден», т.б. тіркестер арқылы жаңа эпитет, теңеу, метафораларды қалыптастырған. Халықтық жыр-толғаулардағы қасиеттерді Шәкәрім ақын «Ескі ақындық» атты өлеңінде әсем өрнекпен бедерлеп, бүкіл жыраулар поэзиясының болмысын ашады. Жыраулық поэзия табиғатына



тән қыранның ұшқаны, ақ бөкеннің желісі, тұлпардың жүрісін, сағымдай желдің құбылуын жыраулар дәстүрінен үзілмеген алтын арқауды дәлелдейді:

*Ойлай келсек, ескі жыр,  
Салады тұлпар жүрісін,  
Міне, байқа мұнысын.  
Кейде жорға, кейде жел,  
Бұлдыр қағып асар бел*

*(Шәкәрім және Алашорда, 2008: 35)*

Шәкәрім өлеңдері сапалы қасиеттерге басымдық беріп жағымсыз қылықты қалай жоюдың жолдарын көрсетеді. Ақын үшін руханилық сапаны арттырудың бірден бір жолы – өзін-өзі тануы. Ізгілікке кедергі болатын ішкі дүниедегі нашар белгілерді жоюдың жолдарын да ақын поэтикалық өрнекпен көркемдеген. Ол адамның салдыр-салақтығы, жалқаулық, ашу сияқты психологиялық күйлердің адами қасиеттерді тұмшалайтын жағымсыздығын ашады.

*Еріншектіктен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық...  
Бірінен-бірі туады,  
Жоғалар сүйтіп адамдық*

*(Шәкәрім энциклопедиясы, 2008:56)*

Адамның өзін-өзі жеңіп тәннің емес, жанның тілегін орындауын көксеген ақын осындай баяндаулар арқылы поэтикалық айшықты да әсерлі образдарын туындатады. Сондай-ақ ақын сөздің мәні мен маңызына айрықша мән беріп, жоғары талап қоя білген. Ақын ұғымында сөз күдіретті, ерекше – бір әлем. Сөз адам өмірін айшықтайтын әрі адам танымын танытатын дүние. Әрбір өлеңінде сөзге байыппен қараған суреткер сөз астарының небір мән-мағыналарын ашып немесе ауыспалы мәндегі түсінік танымды ұштайтын қолданыстарды орнымен де пайдаланған.

*Шошыма, достым, сөзімнен,  
Сөз – Құдайдан шыққан бу.  
Ұқпасаң, көр өзіңнен,  
Жұтқызайын нұрлы су*

*(Шәкәрім шығармалар жинағы 2013: 336)*

Шәкәрімнің сөз күдіретіне қояр талабы Абайдың «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» талабын тереңдете түседі.

*Тәтті сөз бен тұзу ой –  
Тағдыр сыйы емес пе?  
Әуре қылма, жаным, қой,  
Мені күндеп егеспе!*

*(Шәкәрім шығармалар жинағы 2013: 272)*

Он бір буынды дәстүрлі қара өлең үлгісімен жазылған өлеңнің түрі жағынан жаңалығы болмағанмен ақынның көтеріп отырған мәселесі, ұстанымы мен мақсаты терең де мәнді. Ол өлең өлшеміне қояр талабын былайша өрнектейді:

*Қауымның қалауына тап келгендей,  
Болғанын, болашағын айт көргендей.  
Керістен тартып жырды жебелі оқтай,  
Дәл тигіз қалағанға қас мергендей*

*(Шәкәрім және Сұлтанмахмұт, 2008: 92.)*

Ақын өз талабында ақындық дүниенің қыр-сырына терең бойлауды міндеттейді, өзінің өмір жайындағы түсінігін, ұстанымын көкейтесті арман-мақсаттарын бір ауыз өлең шумағына сыйғызып, шеберлік танытады. Өлеңнің сөзі мен түрін, ырғағы мен бунағының қатар жымдасып келіп, тыңдаушысына жетуіне айрықша мән беретін ақын:

*Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,  
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.  
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,  
Жыр тасып, дариядай құйып жатсын, – деп түйіндейді*

*(Шәкәрім энциклопедиясы, 2008., 86.)*

Осы шумақтың өзінен ақынның өлеңге, ақынға артар жүгінің салмақтылығы көрінеді. Ахмет Байтұрсынов ұсынған өлеңнің түр – тұрпаты мен айшығы, көркемдік кестесі жөніндегі пікірлерін Шәкәрім ақын өз шығармаларында мұқият сақтап отырған. Өлең сөзінің қуаттылығы ақынның жүрегінен шығып, ары мен адамшылығын айқындап жататындықтан өміршеңдік сипат иеленген:

*Арыңның болсын өлең айнасындай,  
Көрікті, көптің ортақ пайдасындай.  
Жосылып жатсын артта жортқан жолы,  
Арынды асқақ өзеннің арнасындай– дейді ақын.*

*(Шәкәрім шығармалар жинағы 2013: 136)*

Яғни Шәкәрім өлең өнерін өзі ғана биік деңгейге көтеріп қоймай, өлең жазуды көпшілік жүрегіне жету үшін өлең ұйқасы мен әдемі әуезділігі, ырғағы мен тақырыбы, іші мен сырты тең келетін көркем дүние жасау жауапкершілігін ақындарға жүктейді. Абай ұстанған «іші алтын, сырты күміс» өлең үйлесімін Шәкәрім де өзіндік өрнегімен тереңдеткен. Осылайша Шәкәрім ақын қазақ поэзиясында қалыптасқан дәстүрлі поэзияны жаңа мазмұн, соны түр жаңалығымен байытты.

### Пайдаланылған Әдебиеттер

ERSOY, M. A. (2017). Safahat, İstanbul: Eganba Yayınları.

БАРАТОВА М. Н. Адылбаева Г. Шәкәрім шығармаларының жанырлық-стильдік ерекшелігі: оқу әдістемелік құрал (2014). Павлодар.

ЕСПЕНБЕТОВ, А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Ғылыми зерттеу. (2008) Алматы, Раритет.

СЫДЫҚОВ Е. Б. (2013). Шәкәрім: ғылыми танымдық басылым. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ.

СЫДЫҚОВ Е. (2008). Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ «Шәкәрім әлемі» сериясы, Алматы: Раритет.

*Шәкәрім Шығармалар Жинағы*, (2013). Алматы: “Өлке” баспасы.

Шәкәрім Энциклопедиясы, (2008). Семей, Тенгри.

Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ (2007). 1-том. «Атамекен» сериясы. Алматы: Раритет.